

## «Қазақ халқының рухани көсемі»

*Өлсемде достым Алаш деп өлем,  
Қойнына жердің Алаш деп енем,  
Елу жыл бәлкім, бір ғасырдан соң,  
Халқыма сонда Алаш деп келем.*  
**А. Байтұрсынов.**

5 қыркүйек –Қазақстан халқы тілдерінің күніне және қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ақын, публицист, педогог әрі қоғам қайраткері А.Байтұрсыновтың 145 жылдық мерейтойына орай қалалық тілдерді оқыту орталығының ұйымдастырумен салтанатты шара өтті. Осы іс-шараға №2 облыстық әмбебап ғылыми кітапханасындағы оқу залының ұйымдастыруымен «Қазақ халқының рухани көсемі» атты көрме ұйымдастырылып, оқырмандар арасында экспресс-викторина жүргізілді.

Мақсаты: мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру. А.Байтұрсыновтың халқы үшін жасаған еңбектерінің мәнінің жоғары екенін ұғындыру. Шығармаларын насихаттау.

Тіл - қай ұлтта, қай елде болсада қастерлі, құдіретті. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Тіл байлығы –әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Ол атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра. Демек, әр адам ана тілін қарашығындай қорғауға, оның орынсыз шұбарлануына қарсы тұруы тиіс.Көрмеге мерзімді баспаларда тіл туралы, Б.Байтұрсынов туралы мәліметтер,шығармалары қойылды.

Оқырмандарға викториналық сұрақтар қойылып, жауаптары тыңдалды. Іс-шара соңында кітапхана қызметкері Нугуманова Гүлнұр Абайқызы ұсынылған көрмеге шолу жасап, көрме оқырмандардың көңілінен шықты.Қалалық тілдерді оқыту орталығы мекемесі кітапханамызды алғыс хатпен марапаттады.

Қатысушылар саны-75.



